



2022-2023 оқу жылына арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі іс-шаралар жоспары.

№	Іс-шаралар	Өткізу түрі	Мерзімі	Жауаптылар
1	ҚР-ның Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Төрағасы Қ.Қожамжаровтың бұйрығымен таныстыру	Дөңгелек үстел (қызметшілерге ақпарат беру)	қыркүйек	меңгеруші Ж.А.Курманова
2	«Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ!»	МДҰ қабырғасын жасақтау.	қазан	Балабақша әкімшілігі
3	Сыбайлас жемқорлықты болдырмаудың алдын алу жолдары	МАД топтарының тәрбиеленушілеріне арналған тақырыптық сағаттар	қараша	Тәрбиеші А.Т.Абдықова К.К.Нугманова
4	Басшы лауазымдық қызметтерді атқаруда сыбайлас жемқорлыққа жол беретін жағдайлар мен себептерді болдырмау, оның ішінде бюджет қаржысын мақсатты пайдалану мен игеруді қадағалау.	Жарты жылдық есеп беру	желтоқсан	меңгеруші Ж.А.Курманова
5	МДҰ –да «Құжаттарды және балаларды қабылдау» мемлекеттік қызмет көрсету ережесі	Аудандық газетке жариялау	қаңтар	Балабақша іс-қағаздарын жүргізішісі Б.Ахмедова
6	Балабақша сайтына жариялау: «Сыбайлас жемқорлық –індет, оны жою-міндет»	Ата-аналарға арналған хабарландыру.	ақпан	Балабақша сайтын жүргізуші, тәрбиеші М.Н.Оразова
7	«Сыбайлас жемқорлықпен күрес- ортақ парызымыз»	Баяндама	наурыз	Тәрбиеші Ж.М. Шарипова
8	«Сыбайлас жемқорлықсыз жарқын болашақ»	Ата-аналарға арналған сауалнама	сәуір	Тәрбиешілер Ата-аналар
9	«Біз жемқорлыққа қарсымыз»	Бастауыш кәсіподақ ұйымы төрайымының есебі	мамыр	Бастауыш кәсіподақ ұйымының төрайымы, тәрбиеші З.Ж.Сүлейменова

«Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ!»

Балабақша қызметкерлері мен ата – аналарға арналған жадынамалар



**Ақтөбе облысы Білім беру басқармасының Мұғалжар аудандық
білім бөлімінің**

**«Күншуақ» бөбекжай-бақшасы» мемлекеттік коммуналдық
қазыналық кәсіпорыны**

**Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мәдениетін
қалыптастыруға арналған тәрбиелік іс-шаралар**

**Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мәдениетін
қалыптастыру тұжырымдамасы жоспарымен таныстыру.**

Дайындаған: Тәрбиеші Абдыкова А.Т.
Нугманова К.К.

«Достық, сыйластық, адамгершілік ұғымдарын санаға сіңіру»

Мақсаты:

Білімділік: Балаларға өзара достық, «жақсылық» ұғымдары, адамгершілік құндылықтары жөнінде түсінік беру.

Дамытушылық: Достарға деген мейірімді қарым-қатынасқа үйрету. Балалардың ауыз екі сөйлеу тілін, көру, есту, есте сақтау, ойлану қабілеттерін ойындар арқылы жан-жақты дамыту

Тәрбиелік: Адал дос, достаса білуге, адамгершілікке, сыйластыққа, үлкенді сыйлай білуге, қоршаған ортаға жақсылық жасай білуге. тәрбиелеу

1. Ойын. «Менің досым»

Тәрбиеші: Балалар, сендерді ойын ойнауға шақырамын. Мен бір балаға доп лақтырамын да, «Сенің досың қандай?» деп сұраймын. Сендер допты маған қайта лақтырып, достарыңның қандай екенін айтасындар?

Балалар: Менің досым ренжітпейді

Менің досым алдамайды.

Мен досыммен бірге ойнаймын.

2. Ойын: «Ренжістік, достастық»

— Балалар, бүгін біз «Ренжістік, достастық» ойынын ойнаймыз.

— «Ренжістік» дегенде бір-бірлеріңе арқаларыңмен бұрылындар. Содан кейін «Достастық» деген бұйрық берілгенде бір-бірлеріңе қарама-қарсы бұрыласындар (3 рет қайталау).

— Сендерге татуласу ұнады ма?

— Не сездіндер? (қуаныш, бақыт)

— Сендерге ренжіскен ұнады ма?

— Не сездіндер? (ренжіскен ұнамайды)

ДОС → Адал, мейірімді, шыншыл, қайырымды, көмектеседі, ұқыпты, жанашыр, қамқор

Татулық достар арасындағы ең тамаша қасиет. Тату балалар бір – бірін ренжітпейді, тату-тәтті ойнайды, ойыншықтарымен, тәттілерімен бөліседі. Сондақтан да достық - татулықтан басталады .

«Екі дос және аю» ертегісі

Бір күні екі дос орманда келе жатады. Кенеттен алдарынан бір аю шыға келеді. Сол кезде біреуі қаша жөнеледі, екіншісі талға өрмелеп жасырынып қалады. Қашқан жігіт ортада қалып кетеді.

Алайда, не істерін білмей тұрғанда, ойына «Өлген адам сияқты жерге етбетіммен жата қалсам, бәлкім құтылып кетермін» деп жерге жата қалады.

Аю келіп оны иіскелей бастағанда демін жұтып, дем алмай жатады. Аю кеткен соң талға өрмелеп кеткен досы төмен түсіп, досының қасына келіп, күліп: «Айтшы ал, аю сенің құлағыңа не деп сыбырлады?» дейді.

Сонда досы: «Досына қауіп-қатер төніп тұрғанда қашып кеткен адамдардан сақтану керектігімді, айтты» дейді.

Рефлексия

-Иә,сонымен бұл ертегі не туралы екен?(балалар жауабын тыңдау)

-Бұл екеуі нағыз дос па?

-Қазіргі кезде мұндай адамдар кездесе ме?

-Дұрыс айтасындар.Достың 2 түрі болады екен.Ол «адал дос»және «амал дос».

-Адал дос қандай болады

-Иә,адал дос-шынайы дос,нағыз дос.Ал,амал дос-өз қажетіне жарататын немесе қиын кезде көмектеспей кететін адамды айтады.

Достық туралы мақал-мәтелдер

Досы көпті жау алмайды,

Ақылы көпті дау алмайды.

Досы көппен сыйлас,

Досы азбен сырлас.

Достық-татулық белгісі.

Достық

Достық – әдеп, сыйласым,

Дос – өмірлік қимасың.

Дос – арындай қымбатты,

Достық сезім – тым тәтті.

Достық – игі жақсылық,

Достық ниет – жақсы үміт.

Достық жасап адамға

Достаса біл әманда.

Дос ниетпен, адал, кең

Дос бол ізгі адаммен.

Адамдар бір-біріне жақсылық жасаудан жалықпаса, өмірде сыйластық, қамқорлық, достық, сүйіспеншілік қарым-қатынаста болады, ал қоғамда татулық, бірлік, ынтымақ орнайды.

**«Ақтөбе облысы Мұғалжар аудандық білім бөлімі» мемлекеттік
мекемесінің «Күншуақ» бөбекжай - бақшасы» мемлекеттік
коммуналдық қазыналық кәсіпорынының сыбайлас жемқорлық
тәуекелдерінің ішкі талдауы бойынша сыбайлас жемқорлыққа
қарсы мониторинг жүргізу кезіндегі талдамалық
АНЫҚТАМАСЫ**

I. Кіріспе

«Ақтөбе облысы Мұғалжар аудандық білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Күншуақ» бөбекжай – бақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны (бұдан әрі мектепке дейінгі ұйым) жедел басқару құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның ұйымдық-құқықтық нысандары заңды тұлға болып табылады.

Балабақша I жастан бастап мектеп жасына дейінгі жастағы тәрбиеленушілерді тәрбиелеу, оқыту мен дамыту, медициналық бақылау, сондай-ақ қарау, бағу және сауықтыру бойынша мемлекеттік білім беру тапсырысын, мемлекет қаржыландыратын қызмет көлемін орындауды қамтамасыз етеді.

Балабақшада 75 қызметкер жұмыс жасайды.

Қолданысқа берілген жылы: 1986 жыл.

Бала саны: 308 Топтар саны: 14

Байланыс телефоны: 8(71333)3-14-47

Әрбір топ жеке жатын, оқу- ойын, әжетхана бөлмелерінен тұрады. Барлық топтар жиһаздармен, балалардың жас ерекшелігіне қарай көрнекі құралдармен жабдықталған.

Оқыту-тәрбиелеу тілі: Мемлекеттік және орыс тілдерінде жұмыс жасайды.

Кадрлар құрамы:

Балабақшадағы педагог саны: 37

Жоғары білімді- 23 педагог, арнаулы орта білімді мамандар- 14

1-менгеруші, 2-әдіскер, 1 - қазақ тілі маманы, 1-психолог, 29-тәрбиеші, 2 – музыка жетекшісі, 1 – дене тәрбие нұсқаушысы жұмыс жасайды.

Жоғары біліктілік санаты-0, I-санатты- 2, II- санатты- 6 , санатсыз – 18, 3- педагог – модератор, 5 – педагог – сарапшы, 3 – педгог зерттеуші мамандар еңбек етеді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторингтің мәні:

Балабақшадағы сыбайлас жемқорлықтың туындау себептері мен жағдайын сипаттайтын сандық және сапалық көрсеткіштерді зерделей отырып, сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдауды

жүргізу мен сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторингтің нәтижесі туралы ақпаратты ұсыну:

1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг жүргізілді:

«Ақтөбе облысы Мұғалжар аудандық білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Күншуақ» бөбекжай – бақшасы» МКҚК.

Мекен жайы мен байланыс мәліметтері: Ақтөбе облысы, Мұғалжар ауданы, «Жастық» мөлтек ауданы 52 құрылыс. Тел.8(71333)3-14-47
Эл.поштасы. kunshuak_sad@mail.ru

2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг жүргізу кезеңі:

3. Бақыланатын кезең: 2022 жылдың 01 қыркүйек мен 2023 жылдың 31 мамыр аралығы.

II. Ақпараттық-талдамалық бөлім

«Күншуақ» бөбекжай - бақшасы бойынша Қазақстан Республикасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты іске асыруға бағытталған «Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясы туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 26 желтоқсандағы № 986-шы Жарлығы мен «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V Заңы басшылыққа алынып, іске асыру және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларын сапалы ұйымдастыру мақсатында «Бөлімнің сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастырудың іс-қимыл шараларының 2019 жылға арналған жоспарын бекіту туралы» балабақша меңгерушісінің 2022 жылдың 11 тамыз күнгі № 32 санды бұйрығымен іс-шаралар жоспары жасақталып, жоспар қызметкерлерге таныстырылып сәйкесті жоспарлау жұмыстары жүзеге асырылды.

1. 2022 жылдың қыркүйек айынан бастап балабақшада қабылданған құқықтық акті саны: Жеке құрам бойынша 57 бұйрық, ал негізгі 27 бұйрық бекітілген. Құқықтық актілердің дұрыс жасақталуы үнемі бақылануда. Түрлі тексерістер кезінде қатаң есептегі құжаттар тобына балабақшаның бұйрықтар кітабының жүргізілуі бақыланып отыр.
2. Мүдделер қақтығысы жоқ
3. Кадрлық тағайындауларға үнемі талдау жүргізіледі.
4. Бос лауазымдарға аудандық жұмыспен қамту орталығының жолдамасы негізінде қабылданады.

5. Балабақшада Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік қызмет туралы» және «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заңдарының, Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің ар-намыс кодексінің (Мемлекеттік қызметшілерінің қызметтік этика ережелері) талаптарының қатаң сақталуы үнемі бақыланып, осы талаптарды қатаң сақтау сезімін тәрбиелеу үшін қызметкерлер арасында жауапкершіліктері үнемі таныстырылып, мемлекет қызмет имиджіне кері әсер ететін әрекеттерден сақтандыру түсінік жұмыстары тұрақты жүргізіліп тұрады.
6. Балабақша қызметкерлерінің тарапынан әдеп нормаларын бұзу фактісі болған жоқ.
7. Мемлекеттік қызметшілерге бөлімнен тәртіптік жаза берілген жоқ. Сәйкесті мерзімінен бұрын алынып тастау да болған жоқ.
8. Мемлекеттік сатып алулар туралы заңнамаларының нормалары мүлтіксіз сақталуда.
9. Мемлекеттік бір көзден сатып алу тәсілімен жүргізілді.
10. Балабақша желісіне сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес бойынша екі тілдегі ақпараттар орналастырылуға жолданып отыр.

III. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау мына бағыттар бойынша жүзеге асты :

- 1) Балабақша қызметін қозғайтын нормативтік құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;
- 2) Балабақшаның ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Мектепке дейінгі ұйымда ақша жинауды болдырмау, балабақшамен қоштасу, мерекелерде, мұғалімдерге сыйлыққа ата-аналардан ақша жинамау шаралары үнемі қадағалануда. «Мемлекеттік қызметтерді алушылардың құқықтары», «Пара беру - бас бостаныдығынан және болашағынан айырады», «Пара берсең жазаланасың!», және «Параға емес, биікке ұмтыл» тақырыптарымен халық арасында насихаттау және түсіндіру мақсатындағы кезекті даярланған жадынама үлгілері таратылды. Жадынамаларды көрнекі жерге орналастыру тапсырмалары орындалып балабақша дәлізіне «Сыбайлас жемқорлықпен қарсы-басты міндет» тақырыбындағы стендке ілінді. Қазақстан Республикасы бойынша Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің тапсырмасына сәйкес «Адалдық сағаты» ұйымдастырылып өткізілді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл заңнамасының түсіндірілуі, насихаттау жұмысының барысы балабақша әкімшілігі жиналысында мәселе ретінде талқыланып каралады. Сыбайлас жемқорлық сипатындағы фактілерге жол бермеу мақсатында педагог қызметкерлер мен ата-аналардың құқықтық сауаттылығын арттыру жолға қойылған.

Балабақшада сыбайлас жемқорлық, құқық бұқушылық жасауға мүмкіндік туғызатын тәуекелдер анықталмады.

IV.Қортынды.

«Ақтөбе облысы Мұғалжар аудандық білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Күншуақ» бөбекжай – бақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынның сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу қорытындысы бойынша ұсынылды:

- 1) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жоспарына сай құқықтық жаппай оқыту жүргізуді жетілдіре жалғастыру;
- 2) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті және сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жүйесін қалыптастыру бойынша жұмысты жалғастыру.

**«Күншуақ» бөбекжай – бақшасы» МКҚК – да
сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша өткізілген іс – шара
мәліметі**

№	Наименование организации	Тема встречи	Кол. человек	ФИО спикера	Ссылки
1	«Күншуақ» бөбекжай – бақшасы» МКҚК	«ҚР сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының 2022 – 2026 жылдарға арналған тұжырымдамасы және ҚР Президентінің кейбір жарлықтарына енгізілетін өзгерістер»	36	Сарсенова Г.С.	https://www.instagram.com/p/CnSIHH8I4i1/?igshid=MDJmNzVkMjY=



«Күншуақ» бөбекжай – бақшасы» МКҚК

**«Сыбайлас жемқорлықпен күрес – ортақ
парызымыз»**

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы білім беру мәселесі

Дайындаған: Шарипова Ж.М.

2023ж

**Ақтөбе облысы Білім беру басқармасының Мұғалжар аудандық
білім бөлімінің «Күншуақ» бөбекжай - бақшасы»
коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруға
бағытталған тәрбиелік, түсіндіру шаралары
Кеңес: Сыбайлас жемқорлыққа қарсы білім беру мәселесі
Тәрбиеші: Шарипова Ж.М.**

Есте ұстаңыздар:

Сыбайлас жемқорлық әлеуметтік-экономикалық даму үдерісін, нарықтық экономиканың құрылуын, инвестициялар тарту процесін тежейді. Демократиялық мемлекеттің саяси және қоғамдық институттарына кері әсерін тигізеді, елдің болашақ дамуына қауіп төндіреді. Қазақстанның мемлекеттік саясатының негізгі басымдықтарының бірі сыбайлас жемқорлықпен күрес болып табылады.

Пара дегеніміз не? Бұл лауазымды тұлғаның басқа бір тұлғадан лауазымына қатысты көрсететін қандай да бір қызмет түріне берілетін ақша немесе өзге затты алуы. Пара деп саналатын нәрселер: ақша, оның ішінде, валюта, банк түбіртектері мен құнды қағаздар, бағалы металдар мен асыл тастардан жасалған бұйымдар, автокөліктер, пәтерлер, саяжайлар мен қала сыртындағы үйлер, азық-түліктер, тұрмыстық техника мен аспаптар, өзге тауарлар, жер учаскелері және өзге жылжымайтын мүлік. Сондай-ақ, емделу, жөндеу және құрылыс жұмыстары, санаторлық және туристік жолдамалар, шетелдік сапар, ойын-сауықтар мен басқа шығындарды өтеусіз немесе төмен бағамен төлеу де параға жатуы мүмкін.

Адамдардың көбі пара беру мен сыбайластықты қандай жағдай болса да өздері үшін пайдалы немесе зияны жоқ құбылыс ретінде қарастырады. Соңында бұл тек бәрі үшін жаман ғана емес, әр адам үшін қауіпті. Өйткені заң билігі әділ болмаса, ол кез келген адамды бүлдіруі мүмкін.

Жете түсініп көруге тырысайық. Барлығымыз да әртүрлі салық төлейміз. Алайда табыстың бір бөлігін мемлекетке бере отырып, біз оның әлеуметтік қызметті жүзеге асыруын қамтамасыз ететіндігін ескереміз: тегін білім алу, денсаулық сақтау, инфрақұрылымды құру, қауіпсіздікті қамтамасыз ету.

Біздің балабақша ұжымында жемқорлықты болдырмау және оның алдын алу бойынша қызметкерлермен жиналыс, пікірталас, дәріс өткізіліп тұрады. Шараларда арнайы дайындалған бейнеүзінділер көрсетіліп, буклет таратылып, сауалнама жүргізіледі. Сауалнама арқылы сыбайлас жемқорлыққа итермелейтін негізгі себептер анықталады.

Сыбайлас жемқорлықпен күресу бір немесе бірнеше органның міндеті деп қабылдасақ, қателесеміз. Мемлекет пен қоғамның күш-жігерін біріктіргенде ғана осы құбылысқа қарсы күрес жүргізе аламыз. Сыбайлас жемқорлық мемлекеттің беделіне нұқсан келтіретін дерт екендігін жете түсінуіміз қажет.